

(М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан Республикасы)

**СЫБЫЗҒЫ ӨНЕРІ ӨРКЕНДЕГЕН ӨЛКЕ.
(Баян-Өлгей қазақтарының сыбызғышылық дәстүрі негізінде)**

Аннотация. Мақалада Баян-Өлгей аймағында тұратын ағайынды-сыбызғышылар Әлен Сәметұлы, Арыс-тан және Еңбек Абдоллаұлының шығармашылығы қарастырылады.

Тірек сөздер: сыбызғы, күй, музыка, өнер, дәстүр, дыбыс, шығармашылық, жаңашылдық, сабақтастық, орындаушылық.

Ключевые слова: сыбызғы, кюй, музыка, искусство, традиция, звук, творчество, новаторство, взаимно-связь, исполнительство.

Keywords: sybyzgy, kui, music, art, tradition, sound, work, innovation, intercommunication, performance.

Сыбызғы – көнеден келе жатқан аспап. Уақыт өткен сайын сыбызғының аймақтық табиғатпен тікелей байланыста сақталып, дамитын аспаптың бірі екеніне көзіміз жетті. Өйткені XVIII–XIX ға-сырларда қазақ жерінде кең таралған аспаптың бірі болғаны туралы деректер орыс және шетел саяхатшыларының жазбаларында молынан кездеседі. XX ғасырдың басында жекелеген аймақ-тарда, яғни отанымыздың Шығыс және Батыс Қазақстан аймақтарында ғана сақталғаны белгілі. Бүгін мемлекетімізде сыбызғышылардың саны саусақпен санарлықтай. Атап айтатын болсақ, дәстүрлі орындаушылығымен халықтың көңілінен шығып, насихаттап жүрген Талғат Мұқышев болса, эстрадалық бағытта сыбызғы аспабын заманауи тұрғыда өнер көрсетіп жүрген Еділ Құ-сайыновты айтамыз.

Сыбызғы – қазақ халқының үрмелі ұлттық аспаптар қатарына жатады – өзіндік болмысы және тембрімен ерекшеленеді, оның дыбыстары диапазондық көлемі бойы обертондарға бай, бұл ең алдымен дыбысты шығарумен байланысты – аспапқа үрлеу арқылы аспаптың ғана емес орын-даушының резонаторлық ұртымен дыбыс пайда болады. Аспаптың көнеден тамырланғанын түркі-моңғол халықтарының мәдениетіне байланысты ортақтығы мен сабақтастығы арқылы байқалатын ескі нышандардың сақталғанынан анық аңғарамыз. Сыртқы пішіні бойынша басқа ұлттарда ұқсас аспаптар кездеседі. Мысалы, алтай және хакаста сыбысқа немесе сыбызха, башқұрт, татар және өзбекте курай, қырғызда сыбызғы, тувада чоор немесе шоор, түркіменде гаргы-тюдюк, моңғол және бурятта цуур немесе суур, молдован мен болғарда кавал, гуцульдерде флюяра және т.б. Бұл аспаптардың ортақтығын аспаптың жасалуынан, құрылысынан, дыбыс қатарының орналасуы мен дыбыс шығару тәсілінен, тембрлік бояуынан, техникалық әдістерінен, табиғи обертондық құрылыстағы дыбыс тізбегінен көруге болады.

Бүгін қазақтың сыбызғы аспабы қай жерде сақталып, дамып, өрістеді деген сауал қоятын болсақ, айтылатын бір ғана жауап бар, яғни ол Моңғолиядағы Баян-Өлгей аймағында дей-сің¹. Неге десек? Оның бірнеше себебі бар, біріншіден, Моңғолидағы Баян-Өлгей аймағында тұратын қазақтардың мекендеген жерінің табиғаты, тұрмыс-тіршілігі мүмкіндік берді, екіншіден, моңғолдарда сыбызғыға тән цуур аспабы кең тараған,

¹Баян-өлгей аймағы МХР-дың ҮІІІ кіші хуралының шешімі бойынша 1940 жылы Ховд аймағынан бөлек шықты. 10 ауданда 7063 отбасы, 33,3 мың адам болған, 1989 жылдың соңындағы мәліметпен 91,5 мың адам, ал соңғы көрсеткіш бойынша 98 мыңға дейін көбейді.

үшіншіден, қазақтармен бірге қоныстанған ұранхай мен тыва халықтары да сыбызғыны тартқан², төртіншіден, шетелде тұратын қандас-тарымыз дәстүрлі музыканың қаймағын бұзбай сақтап қалу ұстанымын ұстаған³, бесіншіден, тап осы аймақта сыбызғышылар мектебі қалыптасқан.

Осының нәтижесінде бұл өңірде сыбызғы аспабының орындаушылық және композиторлық бағыттары дамыды. Соның арқасында Лондон қаласында Қазақстан күндеріне орай өткен «Кадоган-холл» концерт залында тап осы өлкенің орындаушысы барып өнер көрсетті. Оның үстіне қазақтың сыбызғы аспабы Моңғолия халқының цуур аспабының бір түрі ретінде ЮНЕСКО-ның «бейзаттық мәдени мұра» құрамына кірді. Сыбызғы күйлері жарыққа шыққан жинақтарда осы аймақ сыбызғышыларының арқасында жинақталған. Бұл ретте Қабыкей Ахмерұлының «Баян-Өлгей қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері» [1] еңбегі мен Талғат Мұқышевтың «Сыбызғы сазы» [2] атты жинағының алатын орны ерекше.

Қазір Бай-өлкені бүгін сыбызғы аспабының отаны десек артық айтқан болмаспыз. Өйткені бұл өлкеде талай сыбызғышылар ғұмыр кешіп, мәдениеттің зор төңкерісінде қанат қаққан өнерпаз-дардың аты қалған. Олардың қатарында, Тарлаубай, Ыдекей, Құмақай, Кәбетай, Жұбайхан, Байсал, Шамғын сынды тұлғалар болса, олардың ізін жалғастырып, аманатты арқалаған Қабыкей, Кәлек, Тотай, Қуанған, Ләмбай, Шіләй, Қожахан, Жанатхан және т.б. атауға болады.

Бұл өлкеде сыбызғышылық дәстүр атадан балаға мұра болып беріліп, ұрпақтан-ұрпаққа жалға-сып отырған. Соның негізінде бір әулетте бірнеше сыбызғышылар болып, тұқым қуалайтын өнерге айналған. Сондай бір әулеттен бірнеше буын сыбызғышылар шыққан. Мәселен керей руынан Долобай, Сәмет, Қалымхан, Абдолла деген сыбызғышылар шыққан. Олардың жолын жалғастырған балалары, яғни Сәметтің ұлы Әлен, Абдолланың ұлдары Арыстан мен Еңбек халықтың ықыласына бөленіп, ұлттық мұраны насихаттап жүрген жандар.

Олар сыбызғышылық өнерді әкелерінің бауыры Қалымханнан дәріс алып, халық күйлерін үйренген. Бұл фольклорлық мұраның қатарында халық күйлері «Ертіс толқыны», «Бозінген», «Сойыл соғар», «Балжыңкер», «Жорға аю», «Бейжін Сарыатан» және т.б. бар. Үшеуі де халық күй-лері және авторлық шығармалармен қатар өз жадынан күй шығарған. Бұл мақалада аталған үш ағайындылардың өнері туралы сөз қозғалмақ.

Әлен Сәметұлы (1954 жылы туылған) өз ортасына белгілі сыбызғышы, бірнеше күйлердің авто-ры. Арнайы музыкалық білімі болмағанымен халықтың арасында сыйлы, танымал сыбызғышы-лардың бірі болып есептеледі. Сонымен қатар, ол балаларды емдеумен де айналысады. Әлен күй-лермен ілесе жүретін аңыздардың да білгірі. Ол «Ат келді» деген күйдің аңызын былайша баяндайды: «Бай менен билер үлкен тойда ат қосып, көкпар ұйымдастырған. Бұл жиынға әр жерден аттарын әкеліп қосқан адамдар болды. Сол кезде бір қойшы құйрығын кескен, арқа-басы кеткен көк атын үлкен тойға апарып қосып жібереді. Біріншілердің қатарында көк ат шыққан екен. Сонда сыбызғышы көк ат келеді деп сыбызғысын тартқан. Содан «Ат келді» болыпты» – дейді. Ол айналасында болып жатқан құбылыстарға, тарихи уақиғаларға үн қосып, өз жадынан күй шығарған. Олардың қатарында Қазақстан тәуелсіздік алған кезде шығарған күйі «Егемен», 1986 жылы өткен

²Ұранхайлықтардың арасында Чойжиль, Байжан, Аткей деген, ал тывалықтарда Тотай, Хуагтар деген сыбызғышылардың есімдері сақталған. Олардың репертуарында өздерінің ұлттық күйлерімен қатар, қазақтардың «Ертіс толқыны», «Балжыңгер», «Жорға аю» сияқты күйлері болған.

³Осы ретте күйлердің басым көпшілігі көне архаикалық аңыз-күйлер болып келеді.

Желтоқсан уақиғасына арнап «Елім-ай» және Қазақстанның жетістіктеріне қарап «Көк байрақ» деген күйлер жазды.

Арыстан Абдоллаұлы (1962 жылы туылған) домбыра және сыбызғы аспабын меңгерген өнер-паз. Ауыл арасындағы той-томалақтарда қазақ өнерін насихаттап жүрген жан. Ол домбырада тар-тып жүрген күйлерін сыбызғының 4 пернесіне сыйғызып, сыбызғынікін домбыраға салып алмас-тырып тартады. Ол жастайынан сыбызғыны ағаштан, самырсыннан өз қолдарымен жасап үйренген. Жасаған сыбызғылары 3 немесе 4 тесіктен тұрады. Репертуарында жоғарыда аталған халық күйлерімен қатар, авторлық туындылар – Кәлектің, Өсерханның, Сейіттің күйлерін шертеді. Әкесі Абдолла бүркітші болғандықтан әке жолын жалғастырып 20 бүркітке дейін ұстайды екен. Арыстанның «Ел көшкенде» деген күйі бар.

Еңбек Абдоллаұлы (1960 жылы туылған) аймақтағы белгілі сыбызғышы, шебер орындаушы, сазгер. Оның орындауындағы күйлер ЮНЕСКО-ның құрамына енген. Сыбызғыны өзі жасап, 3 тесікті сыбызғыда ойнайды. Оның пікірінше, «Сыбызғыны әдемі тартатын адамға төртінші тесіктің қажеті жоқ». Ол Моңғолиядағы Өлгийлік байқауда 100 өнерпаздың қатарында өнер көрсетіп, «Озат» деген дарындардың 100-не кіріп, озат сыбызғышы деген атаққа ие болған. Еңбек жастайынан Қобда, Баян-Өлгей қаймақтарында өтетін концерттерге қатысып, сыбызғы аспабын насихаттау арқылы халықтың ықыласына бөленген. Сыбызғы аспабы бойынша екі шәкірт тәрбиелеумен қатар, өзінің ұлдарын да баулып келеді. Еңбектің өнерге деген сүйіспеншілігін қолдап, сүйеніш болып жүрген аяулы жары оған ұлттық киім тігіп, оны қазақтың оюларымен безендіріп, бүркіттің қауыр-сынына ұқсатып нақыштаған. Еңбек Абдоллаұлы анасының құрметіне «Қайнар бұлақ», ағайындары Қазақстанға көшіп кеткенде «Сағыныш», туған өлкесіне арнап «Атамекен» атты күйлерін шығарған. Оның бұл туындылары «Телқоңыр» атты CD топтамасында енді. Осы ретте Еңбек Абдоллаұлының «Сағыныш» атты күйін талдап өтсек. Күй асықпай, сабырлы екпінінде жүреді. Бастапқы әуеннен-ақ сағыныш сезімі шертіледі. Күйдің аспаптық әуеніне орындаушының резонаторлық ұртымен берілетін дыбыс қосылған.

Сағыныш

Еңбек Абдоллаұлы
Нотаға түсірген А.Қазтуғанова

Andante

Туынды аймақтық күйлерге тән жоғарғы бағыттағы квинта секірімесінен басталып, кварта аралығында төмен қарай өріле түсетін интонацияның субквартаға келуімен қайырылған. Оның өзегі бірінші жолда беріліп, шығарма негізінде сол әуеннің даму желісі мазмұндалған. Күйдің болмысы обертондық дыбыстар және форшлагтар арқылы көркейтілген.

Ағайынды сыбызғышылардың жасына қарайтын болсақ, елудің үстінде екенін аңғарамыз. Қазіргі уақытта Баян-Өлгей аймағында 12 сыбызғышы ғана қалыпты. Оның үстіне көбісі Қазақ-станға көшіп кетіпті. Оларға қолдау көрсетпегендіктен, сиреп бара жатқанын жасырмай айтып отыратындары бар. Егер «сыбызғышылардың отаны» деп айтылатын өлкеде бұл аспап елеусіз, ескерусіз қалатын болса, бұл аспаптың үнін келешекте естиміз ба деген сауалдар туады. Бұл жағдайды Қажынәби Аққожаұлының «Сыбызғы сазы» атты күйінің шығу тарихы да дәлелдеп тұрғандай, яғни автор: «Бізде қазір сыбызғы тартатындар азайып кетті. Театр сахнасына сыбызғы аз шығады. Сыбызғы көне аспаптардың бірі болғандықтан, оған арнап сыбызғы бұрауында бірнеше күй шығардым. Соның бірі «Сыбызғы сазы» [3, 4 б.] – деген екен.

Сыбызғы аспабының үні ерекше, тембрі және өзіндік бояу өте бай. Бірақ оның толыққанды болмысы күш қуаттың, ауыз ұрты саулығының, жастық жалынының құдыреті арқылы ашылады екен. Осы өлке сыбызғышыларын естігенде қазақтың сыбызғысы башқұрттың қурайынан кем түспейді дейсің. Ал бұл аймақта жастардың қызығушылығы күннен күнге азайып бара жатқанын ескерсек, келешекте сыбызғышылық дәстүрімізден мүмдем айырылып қалуымыз да мүмкін. Қазірдің өзінде саусақпен санарлықтай жастар кездеседі (олардың арасында ерекше көзге түсіп жүрген Тілекберген Мұсаұлын айтып өту абзал). Сол себептен, Қазақстан жерінде сыбызғы аспабы қайта жаңғыруы тиіс. Ол үшін отанымыздағы арнайы мамандандырылған музыкалық орта және жоғары оқу орындарда жүргізіліп жатқан шеберлік-кластарға «сыбызғышылар отаны» деп айтылып отырған Баян-Өлгей сыбызғышылары келіп өз тәжірибелерімен бөлісу керек немесе мемлекеттің қолдауымен дәріс беруге шақырылуы қажет деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Баян-Өлгий қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері. – Өлгий, 1977. – 105 б.
- 2 Мұқышев Т. Сыбызғы сазы. – Алматы: Өнер, 2005. – 80 б.
- 3 Аққожаұлы Қ. Арнау. – Алматы, 2013. – 40 б.

REFERENCES

- 1 Bayan-Olgiy қазақтарының dombyra және sybyzgy kүйleri. Olgiy, 1977. 105 b.
- 2 Mұkyшев T. Sybyzgy sazy. Almaty: Oner, 2005. 80 b.
- 3 Aқqozhaұly Q. Arnau. Almaty, 2013. 40 b.

Резюме

А. Казтуганова

(Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова, Алматы, Республика Казахстан)

РАЗВИТИЕ ИСКУССТВА СЫБЫЗГЫ В РЕГИОНЕ.

(О развитии традиций мастерства сыбызгы казахов Баян-Олгий)

В статье рассматривается творчество братьев-сыбызгистов Алена Саметулы, Арыстана и Енбека Абдол-лаулы, проживающих в Баян-Олгийском аймаке.

Ключевые слова: сыбызгы, кюй, музыка, искусство, традиция, звук, творчество, новаторство, взаимо-связь, исполнительство.

Symmary

A. Kaztuganova

(M. O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Republic of Kazakhstan)

DEVELOPMENT OF ART OF SYBYZGY IS IN A REGION.

(About development of traditions of mastery of sybyzgy Kazakhs of Bayan-Olgiy)

The article highlights thecreativity of brothers sybyzgy players Alen Sametuly, Arystan and Enbek Abdollauly who live in Bayan-Olgiy district.

Keywords: sybyzgy, kui, music, art, tradition, sound, work, innovation, intercommunication, performance.

Поступила 31.10.2013 г.